«№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша психологиялық- педагогикалық консилиумның хаттамасы №1

24.09.2025 жыл

Жаңа Дәулет ауылы

Қатысқандар:
Е. Дайнашов – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары (у.м.а);
А. Саргожаева – оқу ісі меңгерушісі;
А. Изимова – педагог-ассистент;
А. Танова – педагог-психолог;
Г. Балаханова – педагог-психолог;
Т. Тасболатова – дефектолог;
А.Рзабекқызы–логопед;
Сынып жетекшілері: Р. Каракайшиева, Н. Аубасова, Н. Тоқбаева, Ж. Кенжесариева, М. Бекибаева, М. Буйраева, Ж. Абыханова, Г. Гожалакова, Н. Айтбаева, Л. Қарубаева, А. Қайырла, М. Худашева
Пән мұғалімдері: 37

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған ППк жоспары мен құрамын бекіту;
2. Мектеп дефектологының 2024–2025 оқу жылында жүргізілген жұмыстары және алдағы оқу жылына арналған жоспары;
3. Мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың жаңа оқу жылындағы зерттеу нәтижелері, үйден оқытылатын және инклюзивті білім алушылардың тізімін нақтылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша оқу ісінің меңгерушісі А. Саргожаева сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының балаға қатысты мемлекеттік саясаты балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті. Елімізде дамып келе жатқан инклюзивті білім беру тәжірибесі барлық білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген білім беру ортасын құруға негізделгені айтылды. Бүгінгі педагогикалық консилиумның күн тәртібіне сәйкес, мектебіміздегі инклюзивті білім беру бағытына арнайы тоқталып өтті. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беріп, оларды әлеуметтендіруге жағдай жасау болып табылады.

2025–2026 оқу жылында инклюзивті білім беру бағдарламасы бойынша мектепте 12 оқушы білім алуда. Оның ішінде:

11 оқушы – психикалық дамудың тежелуі диагнозымен;

1 оқушы – тірек-қимыл қозғалысы бұзылысына байланысты арнайы бағдарлама бойынша оқиды.

Бұл оқушылардың сыныптар бойынша бөлінуі төмендегідей:

- 1-сынып – 4 оқушы;
- 2-сынып – 3 оқушы;
- 3-сынып – 2 оқушы;
- 4-сынып – 1 оқушы;
- 6-сынып – 2 оқушы.

Сонымен қатар, денсаулығына байланысты 1 оқушы (3-сынып) үйден жеке оқытылады.

Осыған байланысты жаңа оқу жылына арналған педагогикалық консилиумның жылдық жоспары ұсынылып, ПІк құрамын жаңарту ұсынылды.
Екінші мәселе бойынша мектеп дефектологы Т. Тасболатова 2024–2025 оқу жылында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілген жұмыстар туралы баяндап берді. Диагнозына сай жеке даму бағдарламасы негізінде жұмыс жүргізілгенін, оқушылардың оқу әрекеті мен сөйлеу дағдысын дамытуға бағытталған түзету сабақтарының жүйелі өткізілгенін атап өтті. Сонымен қатар, алдағы оқу жылына арналған негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жалғасын табатынын жеткізді.
Үшінші мәселе бойынша педагог-психолог А. Танова сөз алып, 1-сыныпқа жаңадан қабылданған оқушылардың мектеп өміріне бейімделу деңгейіне жүргізілген бақылау нәтижелерімен таныстырды. Психологиялық зерттеу нәтижесінде оқушылардың мектеп ортасына бейімделуі қалыпты деңгейде екені, танымдық процестері (қабылдау, есте сақтау, зейін, сөйлеу) жақсы дамып келе жатқаны анықталғанын мәлімдеді.

Қаулы етілді:

1. ПІк жылдық жоспары бекітілсін, құрамына келесі мүшелер енгізілсін:
   - А. Абдраймов – мектеп директоры;
   - А. Саргожаева – оқу ісі меңгерушісі;
   - Е. Дайнашов – оқу ісі меңгерушісі;
   - Ж. Серікбаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
   - А. Танова – педагог-психолог;
   - Г. Балаханова – педагог-психолог;
   - А. Изимова – педагог-ассистент;
   - Т. Тасболатова – дефектолог;
   - Ш. Абыханова – әлеуметтік педагог;
   - С. Досбосынова – мектеп медбикесі.
2. Пән мұғалімдері ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс барысында әдістемелік ұсынымдарды, сонымен қатар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің оқу бағдарламаларын бекіту туралы бұйрықтарын басшылыққа алсын.
3. Мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың зерттеу жұмыстарының нәтижесі қанағаттанарлық деп танылсын. Оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту және әлеуметтену бағытындағы жұмыстар жандандырылсын.

Хаттаманы жасақтаған **Г.Балаханова**